

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТИ

Жолу энергетика қондырғылары
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі

(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

« » 20 ж.
(колы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Алматы қаласындағы 3-ші жолу электр орталығының газдан газға қондырғысын есептеу.

53071700 - Жолу энергетика мамандығы бойынша

Орындаған Самбетбаев Самат ТЖУК-13-1
(аты - жөні) (қобы)

Жетекші Орұмбаев Р.К. д.т.н., профессор
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер :

Экономикалық бөлім бойынша :

аға оқытушы Түлегенова С.К.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
ТК « » 20 ж.
(колы)

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:

аға оқытушы Деміратова Ж.С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
ЖС « » 20 ж.
(колы)

Есептеу техникасын қолдану бойынша :

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« » 20 ж.
(колы)

(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
« » 20 ж.
(колы)

Мөлшер бақылаушы:

т.ғ.к. доцент Тұманов М.Е.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
М.Е. « » 20 ж.
(колы)

Пікір жазушы :

АІЭС № 2 ЖЭО пайдалануға қолдануға баспаға Қалиев Б.Б.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
Б.Б. « » 20 ж.
(колы)

Алматы 2016

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні					

ДЖ 071700.2016.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Жолауэнергетика факультеті
53071700 - Жолауэнергетика мамандығы
Жолауэнергетикалық қондырғылар кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Самбетбаев Самат Аманбекұлы
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Алматы қаласындағы 3-ші жолы электр орталықның газсыздандырылған қондырғына есептеу
ректордың «19» 10.2015ж. №148 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: « » 20 ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Алматы қаласындағы 3-ші жолы электр орталықның газсыздандырылған қондырғына есептеу жүргізілді. Малі жүйесін есептеу. Техникалық сұрақтар бойынша есептеу жүргізу.

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:

Аңдатпа, кіріспе, газсыздандырылған қондырғының сипаттамасы, 3-ші жолы электр орталықның жобаның суреттері, өлшеулерінің дәлдігі, арнайы сұрақтар, қорытынды

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

Рапогтжанов И.Б., Баибекова В.О., Дижобаева Т.С.
 Жолу электр стансалары Дипландық жобалау
 Алматы: АҰЭС, 2013 - 45 б.
 Тепловая и амбипле электрические станции
 Стерман А.С., Лавкин В.М., Тимкин С.Т. - 2010
 Экономика сельского хозяйства Тараманов С.Т. -
 Алматы: 2013

Жоба бойынша бөлімшелерге катысты белгіленген кенесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Негізгі бөлім	Орұмбаев Р.К.		<i>Orumbayev</i>
Экономика бөлімі	Тугеленва С.К.		<i>Tugelena</i>
ӨТ ҒН бөлімі	Бекмуратова А.С.		<i>Bekmuratova</i>
машинер бөлімі	Тугеланов М.Е.		<i>Tugelanov</i>

диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1.	Өндірістік тәжірибеде дипломдағы жұмысқа міндеттер жинақтау.	26.01.2016	
2.	3-ші жалауықтық орталықтан газдандалған конденсат есептеу.	15.03.2016	
3.	Шығымталған конденсат есептеу.	28.03.2016	
4.	3-ші жалауықтық орталықтан газдандалған конденсат есептеу.	30.03.2016	
5.	Эксплуатация бөлімінде АЖЭО 3-ші жобасын келісіту.	14.04.2016	
6.	Өміртіршілік қауіпсіздігінде жарамдылығын есептеу.	13.05.2016	

Тапсырманың берілген уақыты « 5 » наурыз 2016 ж.

Кафедра меңгерушісі

(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі

(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент

(қолы) (аты -жөні)

										Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.					

Аңдатпа

Дипломдық жобада Алматы қаласындағы 3-ші жылу электр орталығының газсыздандырғыш қондырғысын есептеу қарастырылады. Газсыздандырғыш қондырғысын есептеуде және алты қазандарды – кәдеге жаратушыларды орната отырып 6xБКЗ-160-100 бу қазандарын, 3xТ- 41-90 және К-50-90 бу турбиналарын демонтаждау жұмыстары жүргізіледі.

Аннотация

В данном дипломном проекте рассматривается расчет оборудования деаэратора ТЭЦ-3 города Алматы. Реконструкция включает в себя демонтаж паровых котлов 6xБКЗ-160- 100 и паровых турбин 3xТ-41-90 и К-50-90 , с установкой шести котлов – утилизаторов.

Annotation

In this thesis project is considered calculation deaerator equipment CHP-3 Almaty city. Reconstruction includes the dismantling of steam boilers 6xBKZ-160-100 and steam turbines 3xT-41-90 and K-50-90 ,with installation of six waste-heat boilers.

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

Алматы қаласындағы 3-ші жылу электр орталығының газсыздандырғыш қондырғысын есептеу

Мазмұны

Аңдатпа.....
Кіріспе.....
1. 3-ші Алматы жылу электр орталығының басты ғимаратының құрылымы	
1.1 . Орнатылған қондырғылар.....
2.Май жүйесі.....
3.Шықтатқыш қондырғы.....
3.1 Регенеративті қондырғылар.....
4.Өндірістік су жинау.....
5. Турбина цехінің қондырғысы.....
5.13-ші ЖЭО турбинаның пайдаланылуы.....
6.Техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесі.....
7. Химиялық цех.....
8.Газсыздандырғыштың сипаттамасы.....
8.1 Газсыздандырғыштың есептелінуі.....
9.Арнайы сұрақ.....
10. Өмір тіршілік қауіпсіздігі
11. Экономикалық бөлім.....
Қорытынды.....
Әдебиеттер тізімі.....

					ДЖ 071700.2016.	Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні		

Кіріспе

Берілген тақырып бойынша «Алматы қаласындағы 3-ші жылу электр орталығының газсыздандырғыш қондырғысын есептеу» бұл дипломдық жұмыста стансадағы бу турбинасының жүйесі мен сорғылардың жұмыс істеуі мен құрылысын жобалау ретінде жылумен орталықтан қамтамасыз ету жүйелер түрін таңдаған кезде аймақтың жылу жүктемесін қарастырамын. Жалпы, стансада егер, жылулық жүктеме мөлшері төмен болса, ЖЭО салу тиімді болмауы мүмкін, сондықтан бұл жүктемені қамтамасыз ету үшін су жылытқыш қазандықтар қолданылады.

Қазіргі энергетикада жылу электр станциялары маңызды рөл атқарады. Олар конденсациялық және жылу электр орталықтары болып екіге бөлінеді. Жылу электр станцияларының екі түрінде де отын ретінде түрлі маркалы көмір, оның ішінде: мазут, шымтезек, тақта тас немесе газ қолданылады. Көмірмен жұмыс істейтін станциялардың үлес саны әлдеқайда зор, өйткені онда кебінесе металлургия мен химия өнеркәсіптерінде қолданылмайтын қоңыр көмірдің төмен бағалы сорттары жағылады. Мұнай шығаратын өнеркәсіптің қарқындап өсуі мен қуатты газ кен орындарын іске қосудың арқасында соңғы кезде көптеген жылу станциялары мазут пен газды пайдаланады. Тозаң түріндегі отынды пайдаланатын жылу конденсациялық станциясының жұмысын қарастырайық (сурет 1). Мұндай отынды қолданудың мынадай ерекшелігі бар: көмірді алдын-ала үгітіп, тозаңға айналдыру отынның толығымен жанып кетуін қамтамасыз етеді. Жылу конденсациялық электр станцияларының негізгі өндірістік цехтарына мыналар жатады: отын беру, тозаң дайындайтын құрылғы, қазан цехы, машина залы, электр энергиясын тарату құрылғылары [5].

Әр цехта тиісті агрегаттар мен электр жетекпен жабдықталған механизмдер орналасқан. Негізгі цехтардың түрлі өндірістік механизмдерін қозғалысқа келтіретін электр двигательдердің көпшілігі өзінің мұқтаждарын өтейтін шаруашылыққа жатады, бұдан басқа қосымша цехтар мен құрылғылар, мысалы, компрессорлық қондырғылар, аккумулятор батареялары, май шаруашылығы және т.б. жатады. Жылу электр станциясының технологиялық процесінің схемасындағы бес циклды атап өтуге болады: отын, ауа, су, бу және электр энергиясы. Отын. Отын қоймасы қойма еніне тең аралықты және рельс бойымен жүретін көпірлік көмір тиектерімен жабдықталған. Кейде олардың орнына бекіткіш лебедкалар (шығырлар) қолданылады, олар көмірді сақталатын орнынан керегінше алып, уатқышқа салып, көмір жіберетін ленталы транспортерлерге тиейді. Уатқыш көмірді белгілі бір мөлшерге дейін уақтайды. Көмір уақталғаннан кейін көлбеу жабық эстакадалар арқылы көмір бункеріне түседі. Өңделмеген көмір бункерлерінен отын диірмендерге түсіп, тозаңға айналады. Тозаң диірмен желдеткіші арқылы арнайы құрылғыларға,циклондарға түсіп тұнады, ал одан көмір бункерлерінің арасында орналасқан тозаң бункерлеріне келіп түседі. Әдетте бұл этапта көмір тозаңы бумен құрғатылады. Сонымен, бункерлерден

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні					

ДЖ 071700.2016.

шыққан тозаң бұрандалы транспортер арқылы қазанға түсіп, тозаң нәрлендірушілері арқылы жану пешіне жіберіледі. Тозанды нәрлендірушіге қажетті ауа диірмен желдеткіштерінің ауа жүйесінен алынады. Шлак пен күл қазан астында орналасқан күл бункеріне төгіледі, одан эжектор насосы арқылы шығарылып, құбырлар мен ашық каналдарда жуғыш насостың көмегімен күл үйіндісіне апарылады. Ауа. Отынның толығымен жанып кетуі үшін, оған үрлегіш желдеткіштердің көмегімен берілетін оттегі қажет. Оттыққа түспес бұрын ауа жылытылады. Бұл мақсатта шығатын түтіннің жылуы қолданылады. Әуелі 600°C температуралы бұл газдар су экономайзері арқылы өтіп, ал одан 3500- 40000С шамасындағы жеткілікті жоғары температура алып, ауа жылытқышқа келіп түседі Ауа жылытқыш бір-біріне параллель бірнеше каналдарға бөлінген, онда ауа мен газ жылу беруді жақсарту мақсатында бір-біріне қарсы қозғалады. Ауа жылытқыштан кейш, 120 -1500С температурадағы газ күл ұстағыш арқылы өтіп, түтін шығатын мұржаға қарай жылжиды. Газ түтін шығатын мұржадан табиғи күш әсерімен жылжиды, мұнда түтін шығатын мұржаның қажетті биіктікте болуы керек және тарту күші қосымша түрде түтін сорғыштармен, яғни қажетті сирету тудыратын желдеткіштермен қамтамасыз етіледі. Бу. Қазіргі электр станцияларында бу қазанының барабанды және тура ағынды түрі қолданылады. Бірінші типті қазандарда судың булану процесі қазанның оттығына тік орналасқан құбырларда өтеді. Құбырдың төменгі жағында олар екі коллекторға бірігіп, ал жоғарыда көлденең орналасқан барабанға кіреді. Барабандағы су деңгейі шамамен оның ортасына дейін келеді, барабанның жоғары бөлігі бу жинағыш ретінде қолданылады. Содан соң бу жылытқыштар арқылы өтіп, құрғатылып, турбинаға келіп түседі. Барабанды қазандардың бу өнімділігі шамамен 400 т/сағ. Тура ағынды қазандардың бу жинағыш қондырғысы болмайды, қазан жұмыс істеген кезде бу шиыршық (спираль) түрінде салынған бу жылытқыштан өтіп, турбинаға қарай жылжиды. Мұндай қазанға су келмей қалған жағдайда, жоғары температуралы оттық зонасында орналасқан құбырлардың төменгі қабаттары жанып кетеді. Міне, сондықтан бу турбиналы жетекті жабдықтау насостарын қолдану көзделіп отыр. Тура ағынды қазандар 600-ден 3000 т/сағ дейінгі бу өнімділігін пайдалану тұрғысында салынған. Әдетте, оның әрқайсысы тікелей турбинамен жалғасып және генератормен бірлесіп, біртұтас жүйе құрайды. Бу турбина сатылары арқылы фундамент ішінде орналасқан конденсаторға келіп түседі. Мұнда бу конденсаторды циркуляциялық сумен салқындату арқылы қоюланып, конденсатқа, яғни қазандарды жабдықтауға қолданылатын химиялық таза суға айналады. "Конденсациялық" деген атаудың өзі электр станцияларына мынадан келді: пайдаланылған бу толығымен пайдаланылатын суды жылытуға қолданылатын. Қазіргі қазандарда қысым 100-ден 170 атм. дейін, ал температурасы 530- 6000°C дейінгі бу қолданылады. Конденсаторда бу эжектор арқылы 0,03-0,04 атм. дейін сұйытылады [6]. Алайда, пайдаланылған буда жылуы әлі де көп, ал

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні					

ДЖ 071700.2016.

жылу шығыны жоғары болғандықтан, мұндай станциялардың пайдалы әсер коэффициенті 40-42 %-дан аспайды. Бұл әрине отынның жылу шығару мүмкіндігінің үштен-бірінен көбінің жұмсалмайтынын көрсетеді. Бірақ конденсациялық станциялар 2400 МВт және одан да жоғары қуатқа арналып салынуы мүмкін, бұл күрделі шығындарды күрт төмендетіп, электр энергиясының төменгі құнын қамтамасыз етеді. Су айналымы төртке бөлінеді: а) конденсатордағы буды салқындататын айналмалы су насосар арқылы алынып, конденсаторға құйылады. Конденсатордан айналма су тоғанға қайтадан өздігінен ағады. Станцияның қуаттылығына қарай, тоғанның да салқындату беті тиісті көлемде болғаны дұрыс. Конденсат конденсатордан конденсат насостары арқылы тартып шығарылып, төмен қысымдағы жылытқыштардан өтіп, деаэраторға келіп түседі; б) суаттан алынған үстеме (қосымша) су химиялық су тазалағыштан өтіп, булану нәтижесінде жоғалтқан шығындарды толтыратын конденсатқа қосылып, деаэраторға түседі. "Деаэратор" мынаны көрсетеді, пайдаланылатын судағы еріген ауа оттегінен ажырайды. Суды жылытып, оттекті шығарамыз, олай болмаған жағдайда қазан металының мүжілуіне әкеліп соғады; в) конденсат пен қосымша судан қазанға қажетті пайдаланатын су аламыз. Ол қазанға жабдықтау насостары арқылы құйылады. Әуелі су жоғары қысымды жылытқыштар арқылы өтіп, экономайзерге түседі, мұнда ол қазандағы су температурасына жуық температураға дейін жылытылады, онан соң пайдаланатын су қазанға құйылады. Турбиналардың түрлі сатыларынан бөлініп шығатын бу, ол жылу күші қондырғысының пайдалы әсер коэффициентінің әжептеуір артуын қамтамасыз етеді. Электр энергиясы. Турбинамен бір білікте синхронды генератор орналасқан. Осындай станциялар әдетте отын шығарылатын жерлерде, электр энергиясын тікелей пайдаланатын тұтынушылардан алыста салынады. Аса қуатты мұндай станцияларды салуда тиісті су ресурстары, яғни бөгет құрылысы арқылы салынатын, қажетті мөлшердегі суы бар өзендер мен суаттар қажет. Сондықтан конденсациялық станцияларының генераторлары жоғарылатқыш трансформаторлы шығырларға (блок) қосылып, өндірілетін энергия 350-500 кВ жоғары кернеулі жүйенің электр желісі арқылы беріледі [6]. Станцияның электр энергиясы кернеуіне байланысты ондаған, жүздеген және мындаған километрдегі төмендеткіш трансформаторлы қосалқы станцияларға беріледі. Аймақтық электр станциялар трансформаторлардан қажетті электр энергиясын алып, шиналармен тармақтану түрінде жалғасады. Трансформатордың екінші жағы 3-6 кВ-тық таратушы қондырғының құрама шиналарына қосылып, электр энергиясы электр двигательдеріне және басқа да тұтынушыларға беріледі.

Жылуландыру арқылы энергияны тиімді пайдалануының екі қағидасы орындалады: ЖЭО жылу мен электр энергиясын қатар өндіру; бір ортадан жылумен қамтамасыз ету.

Жылу мен электр энергия қатар өндіру кезінде, барлық жұмсалған

						Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.	

жылу мөлшері, жылу мен электр энергия бөлек өндірілген кезіндегіден төмен болады, сондықтан жылу және отын шығысы азаяды.

Жылу электр орталығында жоғары көрсеткішті бу, электр энергиясын өндірген соң жылуландыруға жіберіледі, сондықтан электр энергиясын өндіруге жұмсалған меншікті жылу мөлшері төмендейді.

Жылу мен электр энергиясы бөлек өндірілген кезде жылу электр станциясында (ЖЭС) жоғары көрсеткішті бу тек электр энергиясын өндіруге жұмсалады, ал жылу су жылытқыш қазандықтарында өндіріледі. Сонымен отын екі жерден - электр энергияны өндіруге ЖЭС-да және жылуды өндіруіне су жылытқыш қазандықтарында жұмсалады. Сондықтан, жылуландыру арқылы бір жерден электр энергия мен жылуды өндіру тиімді болады.

Жылу электр орталықтарының жылу сұлбаларының төрт түрі болады: 1) турбинадан өткен бу жылуландыру жүйесіне баратын суды жылытады, сонымен бу электр қуатын өндіруіне және жылуландыруға жұмсалады, бұл бу турбинасы нашар вакуумды ЖЭО; 2) бу турбинасы қарсы қысымды, өндіріске бу жіберетін ЖЭО; 3) бу турбинасы конденсатты, бу алымы арқылы өндіріске бу жіберетін ЖЭО; 4) бу турбинасы конденсатты, бу алымы бар, су жылытқыш арқылы жылуландыруға ыстық су жіберетін ЖЭО.

Бұл дипломдық жобада Алматы қаласындағы 3-ші Жылу электр орталығындағы газсыздандырғыш қондырғысын жаңартуы қарастырылды және жылу магистралының жобалық қуатын ескере отырып, бойлер құрылысы көзделінді. Режимдер бойынша жылу жүктемелерінің және ТҚҚ ТА Т-100/120-130 есебі шығарылды, сондай-ақ көмекші жылу механикалық жабдықтың талдауы мен сипаты берілді. Жылу энергетика саласындағы қондырғылардың жылуландыруды алудың көрсеткішін таңдау, турбинадағы будың ұлғаю процесін құру, бу параметрін және судың сипаттамалық нүктесінің кестесін құру.

1. 3-ші Алматы жылу электр орталығының басты ғимаратының құрылымы

Алматы қаласындағы 3-ші Жылу электр орталығы 1961 жылы құрылып, іске қосылған. Станция қаланың шығыс жақ бөлігінде орналасқан. 3-ші жылу электр орталығы өзіне жақын аймақты жылу мен электр энергиясымен қамтамасыз етеді.

Электр энергиясын өндіру - 120 мың кВт/сағ

Жылу энергиясын өндіру – 500 мың Гкал

Отыны-тас көмір. Екібастұз кен орнынан алынған.


Тұтандыру отыны: мазут М100

Отын қоймасының көлемі: 100 мың т

Кесте-1

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

Алым саны	Қыздырғыштар	МПа	t, °
I	ЖҚҚ – 7	3,32	379
II	ЖҚҚ – 6	2,28	337
III	ЖҚҚ-5 (деаэратор)	1,22	266
IV	ТҚҚ-4	0,57	190
V	ТҚҚ -3	0,294	130
VI	ТҚҚ -2	0,98	-
VII	ТҚҚ -1	0,037	-



1.1 . Орнатылған қондырғылар:

6 қазан БКЗ-160-100

3 турбина Т-41-90

1 турбина К-50-90

Мазут күбілері 250 т -3шт

Мазут күбілері 1000т -3 шт

№1 және №2 мазут сорғылары, қоймалжың сорғылары, НОВ-1,НОВ-2,НОВ-3

Түтін мұржасы №1,№2

Күл-қож қоймасы №1-5

4 генератор ТВ-60-2

АТҚ-220 кВ

АТҚ -110кВ

АТҚ -35Кв

25 трансформатор 2 500 мың.кВА

7 трансформатор 10 мыңнан 80 мың кВА

1 трансформатор 80 мың кВА жоғары

Қож шығару жүйесі сұйық түрде болады,тазартылған және дренажды су айналымға қайта келеді. К-50-90 типті бу турбинасы конденсациялық бу айналымы реттелмейтін 3000 айн/мин кезінде номиналды қуаты 50000 кВт (50 МВт), турбинамен бір іргетаста орналасқан қуаты 60000 кВт айнымалы ток генераторын тікелей айналдыруға арналған. Турбина азық суды жылытуға арналған регенерациялық құрылғымен жабдықталған және конденсациялық қондырғымен бірге жұмыс істейді. Ротор генератор бағытында алдыңғы мойын тірекке қарағанда сағат тілімен айналады. Автоматты стопорлы клапанның алдындағы балғын будың қысымы – 90 ата. Автоматты стопорлы клапанның алдындағы балғын будың температурасы – 535 °С.

Конденсатордағы қысым – 0,05–0,06 кгс/см².

Салқындатқыш судың температурасы – 20–25°С.

Конденсатор арқылы өтетін салқындатқыш судың көлемі – 8000 м³/сағ.

Турбинада төменгі қысым жылытқыштарында, газсыздандырғышда (деаэратор) және жоғарғы қысым жылытқыштарында турбинаның номиналды жүктемесінде азық суды 226°С дейін жылытуға арналған сегіз реттелмейтін буды іріктеу бар. Буды регенерациялық алу бойынша мәліметтер кестеде көрсетілген және номиналды қуатқа, турбина алдындағы балғын будың номиналды параметрлеріне және суытқыш судың номиналды температурасына сәйкес келеді.

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

Қыздырғыштар	Таңдау камерасындағы параметр		Будың таңдалынатын саны
	қысым, ата	температура, °С	
ЖҚҚ № 8	31,5	410	12
ЖҚҚ № 7	18,0	343	8
ЖҚҚ № 6	11,7	293	2
Деаэратор	11,7	293	6
ТҚҚ № 5	4,3	190	8
ТҚҚ № 4	2,1	130	8
ТҚҚ № 3	0,84	93	3
ТҚҚ № 2	0,45	79	4
ТҚҚ № 1	0,19	58	6

№1,2,3 сатыдағы бу турбиналарында реконструкциядан кейін №3 ТҚЖ турбинаның алдыңғы тығыздауышынан буды сорып алу жасалынған. Будың номиналды параметрлерінде, толық қосылған регенерацияда, турбинаның су жүретін бөлігі таза болған кезінде және салқындатқыш судың температурасы 10°С болған жағдайда турбина мен көмекші жабдықтың 57 МВт-қа дейін артық жүктемемен жұмыс істеуіне рұқсат етілген. Салқындатқыш судың температурасы 20–25°С болған жағдайда турбинаның 55 МВт артық жүктемен жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Реттеуіш саты камерасында қысым 77 кгс/см² аспаған жағдайда және регенерация толық өшірілген кезде турбинаның максималды қуатпен ұзақ жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Жылытқыштарды өшірген кезде максималды қуат мөлшері сәйкесінше азаяды:

ЖҚЖ өшкен кезде – шамамен 50 МВт дейін, реттеуіш сатының камерасындағы шекті қысым 69 кгс/см² аспауы керек. Регенерация толық өшірілген кезде – шамамен 40 МВт, реттеуіш сатының камерасындағы шекті қысым 59 кгс/см² аспауы керек.

Номиналды қуат кезіндегі турбина арқылы шығындалатын бу мөлшері 206 т/сағ. Турбинаның ұзақ жұмыс істеуі келесі номиналды параметрлердің бір уақытта ауытқуы кезінде рұқсат етіледі:

балғын бу қысымы 85-тен 95 кгс/см² дейін;

балғын бу температурасы 525-тен 540°С дейін;

суытқыш судың конденсаторға кіргендегі температурасы (8000 м³/сағ шығын кезінде) 33°С дейін, егер балғын будың бастапқы параметрлері номиналдыдан төмен болмаса.

Балғын будың қысымы 100 ата және температурасы 545°С дейін көтерілген жағдайда турбинаның 30 минутқа дейін жұмыс істеуіне рұқсат етілген, мұндай параметрлермен турбинаның бір жыл ішіндегі жалпы жұмысы 20 сағаттан аспауы керек. Турбинаның пайдаланылған буды шығаратын бөлігіндегі температура 60°С аспауы керек. Турбинаның буды атмосфераға шығаруы және уақытша аяқталмаған сызба бойынша жұмыс

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

істеуіне тыйым салынады. Жүктеме алынғаннан кейін турбинаның бос жүрісте жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Турбинаның бос жүріс кезінде жұмыс істеуінің ұзақтығы турбина роторының салыстырмалы жылулық ұлғаюымен анықталады. Бос жүрістегі ұзақ жұмыс кезіндегі шығарушы келте құбырдағы рұқсат етілетін жоғарғы температура 60°C. Турбина білікайналдырғышқұрылымымен жабдықталған, ол турбина роторын шамамен 3,4 айн/мин жылдамдықпен айналдырады. Турбинаның қалақшалы аппараты желінің жиілігі 50 Гц жағдайдағы жұмысына есептелінген, бұл турбогенератор роторының 3000 айн/мин айналымдар санына сәйкес. Қалақшалы аппараттың 49,5 Гц төмен және 50,5 Гц жоғары жиіліктерде жұмыс істеуіне тыйым салынады. Турбоагрегаттың айнымалы параметрлер кезінде салқын және ыстық күйден іске қосуға рұқсат етіледі.

Турбина бір білікті бір цилиндрлі агрегат болып табылады, оның бір тәжді реттеуіш сатысы және 21 қысым сатысы бар. Роторды алғашқы 19 дискісі білікпен бірге бөлінбейтін болып жасалынған, соңғы үш диск салынбалы. Турбина мен генератор біліктері қатты жалғастырғышпен қосылған. Сынды айналымдар саны:

турбина білікжелісі үшін – 1700-1755 айн/мин (~1725 айн/мин);

генератор роторы үшін – 1320 айн/мин;

коздырғыш якорі үшін – 3800 айн/мин.

Турбинада саптамалы бу үйлестіргеш бар. Балғын бу автоматты бекітпе клапаны бар жеке тұрған бу қорабына беріледі, сосын буды қайта шығарушы құбырлар арқылы турбинаның төрт реттеуіш клапандарына беріледі. Клапандар турбина цилиндрінің алдына пісіріліп бекітілген арнайы болаттан жасалынған бу қораптарында орналасқан. Төменгі қысым бөлігінің соңғы сатысынан шығатын бөлікте пайдаланылған бу турбинаның шығарушы келте құбырына тікелей жалғанған үстіңгі типті конденсаторға жіберіледі. Турбина лабиринтті бу тығыздауыштарымен жабдықталған. Соңғының алдындағы бөліктерге бу 1,01-1,03 кгс/см³ қысыммен және шамамен 130°C температурамен түседі. Шеткі бөліктерден бу-ауа қоспасы ПС-50 эжекторымен сорып алынады. Турбинаның фикс-пунктісі турбина рамасында генератор жағында орналасқан, агрегаттың ұлғаюы алдыңғы мойынтірекке бағытталған.

Турбина автоматты гидравликалық реттеу жүйесімен жабдықталған, сонымен қатар турбина жұмысы режимінің апатты бұзылуы кезінде оны тоқтататын қорғаныс құрылғыларымен жабдықталған. Жылдамдық реттеуіші турбогенератордың айналым санын шамамен 4% ауытқумен автоматты түрде ұстап тұруға арналған. Жылдамдық реттеуіші басқару механизімен жабдықталған, ол келесі жағдайларда қолданылады:

- қауіпсіздік реттеуіші золотникін зарядтау үшін және балғын будың автоматты бекітпесін ашу үшін;
- турбинаның айналым санын өзгерту үшін, бұл кезде генератордың жүйедегі кез келген автоматты жиілік кезінде синхрондауы қамтамасыз

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

етіледі;

- генератордың параллель жұмысы кезінде жүктемені өзгерту үшін;
- қауіпсіздік реттегішінің соққышын тексеру кезінде айналымдар санын арттыру үшін.

Басқару механизмі турбина қасында тікелеуі қолдан немесе қашықтықтан басқару қалқанынан іске қосылады. Реттеу жүйесі турбинаның реттеуіш клапандарын тез жабу арқылы генератордың жүктемесі шапшаң түрде толық алынған кезде айналымдар санының артуы шектейді және турбина бос жүріске ауысады. Айналымдар санының шектен тыс өсуінен қорғау үшін турбина қауіпсіздік реттегішімен жабдықталған, оның екі ортадан тепкіш соққыштары айналымдар саны номиналдыдан 11–12% асқан кезде лезде іске қосылады, нәтижесінде балғын будың автоматты бекітпесі жабылады. Осымен бір уақытта қауіпсіздік реттегішінің әсерінен турбинаның реттегіш клапандары да жабылады. Турбинаны қолдан өшірген кезде де осындай нәтижеге қол жетеді. Айналымдар саны номиналдының 11% дейін түскен кезде автоматты бекітпенің қайта ашылуына мүмкіндік бар.

Екпіннен қорғау жүйесі айналымдар санын арттыру арқылы немесе арттырмай (май жіберу арқылы) соққыштарды жеке-жеке тексеруге мүмкіндік береді. Жүктеменің барлық диапазонында реттеу жүйесінің сезімсіздігі номиналды айналымдар санынан 0,3% аспауы керек.

Турбина электромагнитті ажыратқышпен жабдықталған, ол іске қосылған кезде автоматты бекітпе мен турбинаның реттегіш клапандары жабылады. Электромагниттік ажыратқыштың іске қосылуы келесі құрылғылар әсерінен болады:

- негізгі жылжу релесі, егер ротордың остік бағытта қоғалысы шекті шамадан 1,2 мм артық ОУП жұмыс қалыбы бағытында қозғалса;
- вакуум-реле, егер вакуум 330 мм.сын. бағ. дейін жарамайтын шекке төмендесе; вакуум 600 мм.сын.бағ. дейін төмендеген жағдайда вакуум-реле ескерту сигналын береді.

1. Май жүйесі

Май жүйесі «ТП-22С» маркалы майымен турбинаның реттеу жүйесін 20 кгс/см² қысымда, мойынтіректерді майлау жүйесін майсуытқыштардан кейін мойынтіректер деңгейінде 0,8-1,0 кгс/см² қысымда майлауға арналған.

Реттеу жүйесіне майды беру турбина білігінен тікелей қозғалысқа түсетін ортадан тепкіш сорғы арқылы іске асырылады. Майсуытқышқа дейінгі майлау жүйесіне май бірінің артына бірі қосылған екі инжектор арқылы беріледі. Сонымен қатар, бірінші инжектор реттеу жүйесінің ортадан тепкіш сорғысының сору тесігіне 1 кгс/см² тіреуді қамтамасыз етеді. Турбогенераторларды іске қосу кезінде екі май электросорғысы қарастырылған, олардың біреуі іске қосушы типті АЯПЗ-150 – ТГ-1,2 және 6МС-6 – ТГ-3,4. Инжекторлы топпен бірге май бактарының конструкциясы фильтрларды жылдам және қауіпсіз тазалауға мүмкіндік береді. Май

								Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.			

деңгейінің көрсеткіші «0» шкаласы бактағы майдың минималды деңгейін – бак қақпағынан 620 мм деңгейді көрсетеді. Бактағы майдың максималды жұмыс деңгейі бак қақпағынан 140 мм деңгейіне сәйкес келеді. Көрсеткіш май багіндегі май деңгейінің минималды және максималды деңгейлері туралы сигнал беретін контактiлермен жабдықталған. Май жүйесінің көлемі 17 тн. 2 дана майсуытқыштар турбинаның толық жүктемесі мен салқындатқыш судың температурасы 30°С-дан төмен болған кезде тазалау үшін олардың біреуін салқындатқыш судан және майдан өшіруге мүмкіндік береді. Бір майсуытқыш міндетті түрде жұмыс істеп тұруы керек. Екі майсуытқыш жұмыс істеп тұрған кезде майсуытқыштың жылуалмасуы нашарлайды, себебі майлау сорғыштарының қуаты артады және майдың құйылыс клапаны арқылы май шығынынан бактағы май тұнбасының жағдайы нашарлайды. Майсуытқышта май қысымы су қысымынан төмен болмауы керек.

Майсуытқыштағы салқындатқыш судың шығыны гидравликалық кедергісі 1,7 м.су.бағ. кезінде 100 м³. Реттеу жүйесін тығыздыққа тексеру үшін n=1500 айн/мин, қуаты 320 кВт мотор орнатылған. Бұл кезде сорғыштың өнімділігі 150 м³/сағ, тегеуріні (қысымы) – 480 м.су.бағ. болады. Іске қосу сорғышын іске қосқанға дейін майлау жүйесін маймен қоректендіру үшін және турбинаны тоқтатқан кезде 5НДБ майлаушы майсорғыштары қарастырылған, оның екі қозғалтқышы бар: біріншісі – айнымалы токпен, екіншісі – тұрақты токпен.

Өнімділігі – 125 м³/сағ, тегеуріні (қысымы) – 30 м.су.бағ., айналымдар саны – 1450 айн/мин.

Айнымалы ток моторы – қуаты 20 квт, кернеуі 380 вольт.

Тұрақты то моторы – қуаты 21 квт, кернеуі 220 вольт.

Турбинада май қысымы төмендеуінің релесі бар, ол автоматты түрде:

- салқындатқыштан кейінгі майлау жүйесінде қысым 0,6 ати дейін төмендеген кезде айнымалы токпен істейтін резервтік майлау электросорғышын іске қосады және бір уақытта ескерту сигналын жібереді;
- майлау жүйесіндегі қысым 0,5 ати дейін төмендесе тұрақты ток майсорғышын іске қосады;
- ротор білікайналдырғыш құрылғымен айналып тұрған кезде майлау жүйесіндегі қысым 0,3 ати дейін төмендесе білікайналдырғышты өшіреді;
- майлау жүйесіндегі қысым 0,3 ати төмендесе, жұмыс істеп тұрған турбинанын өшіреді.

Май жүйесінің көлемі шамамен 1,7 м³. Май багінің жұмыс көлемі – 14 м³(жоғарғы деңгейге дейін). Май багінде ЦТЦ-ға жарық сигналын жіберетін деңгей көрсеткіші орнатылған.

Турбинаның майсалқындатқышы:

МОО-69-ТГ-1,2; МБ-63-ТГ-3,4;

Саны 1ТГ-да 2

Салқындатқыш бет МОО-60-та 60 м²; МБ-63-те 63 м²

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

Салқындатқыш судың қысымы, 1 кг/см^2 артық емес.

2.Шықтатқыш қондырғы

Турбинаның конденсациялаушы құрылғысының құрамына беттік конденсатор, негізгі және іске қосушы эжекторлары бар ауабөлгіш құрылғы, конденсатты және айналмалы сорғыштар мен су фильтрлары кіреді.

Тип 50-КЦС-5

Салқындатқыш бет 3000 м^2

Түтік диаметрі 25 мм

Түтік материалы жез ЛО-70

Салмақтық мәліметтер

Сусыз конденсатор 55 тн

Су кеңістігі толған кезде 85 тн

Су толық құйылған конденсатор 160 тн

Конденсатор корпусы пісірілген және екі бөліктен тұрады.

Жылу әсерді азайту үшін және жаншып қақталған қосылыстардың бүлінуін алдын алу үшін конденсатор корпусында линзалық өтемдеуіштер (компенсаторлар) қарастырылған. Жылулық ұлғаюды қабылдау үшін конденсатор серіппелі тіректерде орнатылған. Салқындатқыш суды жеткізу және шығару конденсатордың әрбір жартысы үшін бөлек жүргізіледі, сол арқылы конденсатордың жартысын жұмыс істеп тұрған кезде тазалауға болады. Конденсаторды тазалау кезінде турбинадағы жүктеменің азаюы цилиндрдің газдарды шығару бөлігіндегі рұқсат етілген температурамен анықталады, ол 60°C аспауы керек. Конденсатордың жоғарғы бөлігінде №1 және №2 жылытқыштардың секциялары орналастырылған, олар турбинаның негізгі конденсатын 8 және 7-ші іріктеуден алынатын бумен жылытуға арналған.

Салқындатқыш судың шығыны 8000 м^3 кезіндегі конденсатордың гидравликалық кедергісі 3,6 м.су.бағ. Конденсатордың су кеңістігінің ішіндегі рұқсат етілген жоғарғы жұмыс қысымы – $1,6 \text{ кгс/см}^2$.

Ауа бөлгіш құрылғы ауаны сорып алуды және конденсатордағы қалыпты жылуалмасу процессін қамтамасыз ететін екі негізгі үшсатылы эжектордан және турбокндырғыны іске қосқан кезде конденсатордағы вакуумды 500-600 мм.сын.бағ. дейін жылдам көтеруге арналған бір іске қосу эжекторынан тұрады. Ауабөлгіш құрылғының құрамы:

- ТГ №1,2 – ЭП-3-600-4 типті эжекторға бір-бірден, будың номиналды қысымы – 12 ати, бу шығыны – 600 кг/сағ, сорып алынатын ауа көлемі – 75 кг/сағ, және ЭП-3-700-4 типті эжекторға бір-бірден, будың номиналды қысымы – 6 ати, буыдың шығыны – 700 кг/сағ;
- сорып алынатын ауа көлемі – 75 кг/сағ;
- ТГ №№3,4 – ЭП-3-700-4 типті негізгі эжекторлар;
- ЭП-1-600-3 типті іске қосу эжекторлары – сорып алынатын ауа көлемі – 80

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

кг/сағ, бу шығыны – 1100 кг/сағ.

Бір эжектор қалыпты жұмыс істейді, екіншісі – резервті. Эжекторлардың қорек көзі ауасыздандырғыштардың (деаэратор) теңестіруші желісінен алынған қысымы 6 ата бу болып табылады. Салқындатқыш су қызметін турбинадан алынған негізгі конденсат атқарады. Бу және конденсат бойынша екі негізгі эжектор параллель қосылған. Жүктеме 500 кВт болған кезде конденсаторға сорылатын ауа көлемі 10 кг/сағ аспауы керек. Конденсатордан конденсатты сорып алып, оны ауасыздандырғышқа эжектор арқылы беру үшін ПС-50 төменгі қысым жылытқыштарында манометрлік тегеруіні 123 м.су.бағ. кезінде әрқайсысының өнімділігі 160 м³/сағ болатын екі конденсаттық сорғы орнатылған. Бір сорғы қалыпты жұмыс істейді, екіншісі – резервті. Конденсатор мен турбина май салқындатқышына және генератордың газсалқындатқышына салқындатқыш су айналмалы сорғымен беріледі.

Генератордың газсалқындатқышына салқындатқыш суды жіберу тегеурінді айналмалы құбыр желілерінен өнімділігі 200м³/сағ, тегеуріні (қысымы) 32 м.су.бағ. болатын қосымша (көтергіш) сорғылар көмегімен іске асырылады. Май салқындатушы және газ салқындатушы агрегаттарға жіберілетін салқындатқыш суды механикалық тазалау үшін жұмыс кезінде тазалайтын, айналатын торлары бар ФС-250 фильтрлері орнатылған. Вакуумда кедергі жасау үшін конденсаттан ауаны сорып алу желісінде 100 мм-лік жапқыш орнатылған.

1.1. Регенеративті қондырғылар

Регенеративті қондырғы турбинаның қорек суын (конденсатты) аралық сатылардан алынатын бумен қыздыруға арналған және келесі құрылғылардан тұрады:

- эжекторлардың салқындатқыштары: негізгі конденсаттың шығыны 100 м³/сағ болғанда үшсатылы эжекторлар салқындатқыштарының гидравликалық кедергісі 0,1 ати;
- бес ТҚҚ-3 беттік төменгі қысым қыздырғышы (4 ТҚҚ- жылулық бөліп алуды қамтамасыз ету мақсатында ТГ-1,2,3 қайта қалпына келтірілген) ПКУ-ден сорып алудың салқындатқышы ретінде қолданылады, одан кейін конденсат 6 ата ауасыздандырғышқа жіберіледі (№1 және №2 жылытқыштар конденсаторда орнатылған);
- үш беттік жоғарғы қысым жылытқыштары, ауасыздандырғыштан кейін, турбинадағы будың максималды шығынының 105% көлемдегі қорек суын жылытуға арналған;
- турбинаның лабиринтті бу тығыздауыштарының шеткі камераларынан бу арнайы горизонтальді (көлденең) типті вакуумдық салқындатқыштарға сорып алынады (салқындатқышта қысымды 0,85-0,97 ати аралығында ұстап тұратын эжектормен жабдықталған).

Сорып алынатын ортаның жылуын қолдану үшін салқындатқыш

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

арқылы турбинаның негізгі конденсатын өткізеді.

Турбогенераторды синхрондау ГЩУ-мен жүзеге асырылады. Айналымдарды келтіру ГЩУ-дан немесе тікелей турбинаның қасынан жүзеге асыруға болады, ол үшін қалқаннан «қосу» және «азайту» сигналдарымен басқару механизміне әсер ету керек, содан кейін синхрондау үшін турбинаны басқаруды ГЩУ-ға ауыстыру керек.

Генератор синхрондалғаннан кейін және ГЩУ-дан «Генератор қосылды» сигналы алынғаннан кейін турбогенератордағы жүктемені 5 МВт-қа орнату керек, бұл жүктемеде генераторды 20–50 минут аралығында ұстап тұрып қыздыру керек (жүктемені 5 МВт-қа дейін арттыруды ақырын, 1 МВт/мин жылдамдықпен жүргізу керек).

Электр жүктемесі 12–15 МВт болған кезде СлПНД сорғысын іске қосу керек және оның жұмысын тексеру керек. Құбырлар шоқтарын қыздыру үшін ЖҚҚ-1 және ЖҚҚ -2 жапқыштарын ашу арқылы қорек суының ЖҚҚ тобы арқылы шамалы шығынын (10–20 т/сағ) баптау керек.

Электр жүктемесі 20–25 МВт болған кезде жоғарғы қысым қыздырғыштарының іске қосуға дайындығын тексеру керек және қорек суы, бу және дренаж бойынша жоғарғы қысым қыздырғыштарын іске қосу керек..

ЖҚҚ деңгей реттегіштерін автоматты режимге орнату керек. ЖҚҚ қорғанысын іске қосу керек.

Электр жүктемесі 30 МВт болған кезде ПВД-7-ден дренаж ауасыздандырғышқа ауыстырылады, ал дренаж ЖҚҚ -6-дан ЖҚҚ -5-ке ауысады. ЖҚҚ қосылғаннан кейін ЖҚҚ -8-ден кейінгі су температурасының артуын тексеру керек және қыздырғыштардың қалыпты жұмыс істеп тұрғанын тексеру керек:

- ЖҚҚ іске қосылғаннан кейін бу бойынша қысымның көтерілу жылдамдығы 0,6 ати/мин-тан аспауы керек. Егер ЖҚҚ турбинамен бір уақытта іске қосылса, ЖҚҚ корпусындағы қысымның көтерілу жылдамдығы турбина жүктемесінің көтерілу жылдамдығымен анықталады.

4.Өндірістік су жинау

13 артезиан скважинасы тереңдігі 200-300м. Жылдық су шығынын өндірістік өзіндік қолдануға жіберумен толықтыру – 6 107 млн.м³.

АлЭС 3-ші жылу электр орталығы (бұрынғы МАЭС) қондырғыларының орналасуы жартылай ашық түрде салынған, қазанның негізгі қондырғылары шатрмен жабылған,ал турбина мен қосыша қондырғылар ашық түрде орналасқан. Аталған электр станциясы 1962 жылдан 1997 жылға дейін үздіксіз электр энергиясы мен жылу энергиясын жылыту, өндірістік мұқтаждық үшін өндіріп келеді. 1997 жылы бірінші рет мамыр айынан қазан айына дейін тоқтатылған. Осы уақытқа дейін электр станция және жылуды жіберу климаттық жағдайларға байланысты пиктік режиммен жұмыс істеп келеді.Электр станцияда 4 К-50-90 типті турбина бар, олар қосымша Т-

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні					

ДЖ 071700.2016.

өндіруі бар, ал 6 қазан БКЗ-160-100 бар. Отын беру 4 ленталы конвейер арқылы тасымалданады. Жылу электр орталығы толығымен жер асты және жер үсті коммуникациясымен жабдықталған. Аймақ алаңы 30,3 га. Станция темір жол мен көлік жолдарымен, олардың бөлшектерін сақтайтын қоймалары бар. Станция аймағында 4 кәсіпорын бар, олар қазіргі таңда барлық аймақтағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

3-ші жылу электр орталығында негізгі отын Екібастұз көмірі, ал тұтандыру мазут болып саналады. Энергетикалық қазандардың күл шығаруы Вентури типті құбырымен жүзеге асады.



Турбина автоматты гидравликалық реттеу жүйесімен жабдықталған, сонымен қатар турбина жұмысы режимінің апатты бұзылуы кезінде оны тоқтататын қорғаныс құрылғыларымен жабдықталған. Жылдамдық реттеуіші турбогенератордың айналым санын шамамен 4% ауытқумен автоматты түрде ұстап тұруға арналған. Жылдамдық реттеуіші басқару механизмімен жабдықталған, ол келесі жағдайларда қолданылады:

- қауіпсіздік реттеуіші золотникін зарядтау үшін және балғын будың автоматты бекітпесін ашу үшін;
- турбинаның айналым санын өзгерту үшін, бұл кезде генератордың жүйедегі кез келген автоматты жиілік кезінде синхрондауы қамтамасыз етіледі;
- генератордың параллель жұмысы кезінде жүктемені өзгерту үшін;
- қауіпсіздік реттегішінің соққышын тексеру кезінде айналымдар санын арттыру үшін.

Басқару механизмі турбина қасында тікелеуі қолдан немесе

									Бет
Өлш	Бет	№ құжат.	Қолы.	Күні	ДЖ 071700.2016.				

қашықтықтан басқару қалқанынан іске қосылады. Реттеу жүйесі турбинаның реттеуші клапандарын тез жабу арқылы генератордың жүктемесі шапшаң түрде толық алынған кезде айналымдар санының артуы шектейді және турбина бос жүріске ауысады. Айналымдар санының шектен тыс өсуінен қорғау үшін турбина қауіпсіздік реттегішімен жабдықталған, оның екі ортадан тепкіш соққыштары айналымдар саны номиналдыдан 11–12% асқан кезде лезде іске қосылады, нәтижесінде балғын будың автоматты бекітпесі жабылады. Осымен бір уақытта қауіпсіздік реттегішінің әсерінен турбинаның реттегіш клапандары да жабылады. Турбинаны қолдан өшірген кезде де осындай нәтижеге қол жетеді. Айналымдар саны номиналдының 101% дейін түскен кезде автоматты бекітпенің қайта ашылуына мүмкіндік бар.

Турбина электромагнитті ажыратқышпен жабдықталған, ол іске қосылған кезде автоматты бекітпе мен турбинаның реттегіш клапандары жабылады. Электромагниттік ажыратқыштың іске қосылуы келесі құрылғылар әсерінен болады:

- негізгі жылжу релесі, егер ротордың остік бағытта қоғалысы шекті шамадан 1,2 мм артық ОУП жұмыс қалыбы бағытында қозғалса;
